

Ұшу-сынақ полигондары мен "Байқоңыр" ғарыш айлағы кешені орналасқан аумақтардың халқына атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін 2002 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражатты бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 23 мамыр N 558

"2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Z010273_ Заңының 16-бабына сәйкес және халыққа атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге қажетті жергілікті бюджеттердегі қаражаттың жетіспейтін бөлігін жабу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қосымшаға сәйкес ұшу-сынақ полигондары мен "Байқоңыр" ғарыш айлағы кешені орналасқан аумақтардың халқына атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін облыстық бюджеттерге 2002 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген 305 000 (үш жүз бес мың) мың теңге көлеміндегі мақсатты трансферттерді бөлуді қамтамасыз етсін.

2. Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері бөлінген мақсатты трансферттерді қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес халыққа атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін қосымшада

көрсетілген аудандар бойынша бөлуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 23 мамырдағы
N 558 қаулысына
қосымша

Ақмола	51429,4
--------	---------

Атбасар

Ақкөл

Егіндікөл

Еңбекші

Ерейментау

Жақсы

Жарықайын

Қорғалжын

Ақтөбе	45469
--------	-------

Мұғаджар

Ырғыз

Шалқар

Атырау	19924,6
--------	---------

Қызылқоға

Шығыс Қазақстан	19924,6
-----------------	---------

Шемонайха

Глубокое

Жамбыл	26736,5
--------	---------

Мойынқұм

Сарысу

Батыс Қазақстан 6300,9

Бөкейорда

Жаңақала

Қарағанды 49215,5

Ақтоғай

Жаңаарқа

Нұра

Ұлытау

Шет

Қаражал қаласы

Қостанай 10047,5

Аманкелді

Қызылорда 52110,5

Жалағаш

Қармақшы

Байқоңыр қаласы

Павлодар 9877,2

Железинка

Солтүстік Қазақстан

13964,3

Ақжар

Уәлиханов

Барлығы:

305000

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.